

**Ақмола облысы білім басқармасының
Аршалы ауданы бойынша білім
бөлімнің жаңындағы Аршалы кентінің
«Солнышко» бөбекжайы мемлекеттік
Коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

**Государственное коммунальное
казенное предприятие «Ясли-
сад «Солнышко» поселка Аршалы
при отделе образования
по Аршалынскому району
управления образования
Акмолинской области**

Телефон 8(71644) 40009

detsad1arshaly@mail.ru

БҮЙРЫҚ

2023ж 24.05.

ПРИКАЗ

24.05.2023 г

№ 41

Ережені бекіту туралы

**Ақмола облысының білім беру ұйымдары басқару кезінде
сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы
"Солнышко" кентінің "бөбекжай - бақшасында" МКҚК**

"Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңына, Қазақстан Республикасы Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бүйрігінде сәйкес

БҮЙЫРАМЫН:

1. Ақмола облысы білім басқармасы жаңындағы "Аршалы кенті "Солнышко" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - қызметі туралы ереже бекітілсін.
2. Осы бүйріктың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.



Менгеруші:



Е.А. Муканова

Ақмола облысы білім басқармасының
Аршалы ауданы бойынша білім
белімнің жаңындағы Аршалы кентінің
«Солнышко» бебекшайы мемлекеттік
Коммуналдық қазыналық кәсіпорны
по Аршалынскому району

Государственное коммунальное
казенное предприятие «Ясли-
сад «Солнышко» поселка Аршалы
при отделе образования
управления образования
Акмолинской области

Телефон 8(71644) 40009

detsad1arshaly@mail.ru

БҮЙРЫҚ

2023ж 24.05.

ПРИКАЗ

24.05.2023 г

№40

"Комплаенс қызметін құру туралы"

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы "КР Заңының 16-бабы 3-тармағының негізінде,

БҮЙЫРАМЫН:

1. Балабақшада келесі құрамда комплаенс қызметін құру:

- Бакулина В.С. – тәрбиеші;
- Муканова Е.А. – менгеруші;
- Хасенова Н.Е. – әдіскер;
- Шимбаева В.С. – әдіскер;
- Сагиденова Э. – тәрбиеші;
- Коваль С.В.- есепші;


2. Комплаенс қызметінің мүшелері ұйымның және оның қызметкерлерінің КР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етсін.

3. Ис-әрекет қызметін жүзеге асыру үшін жауапкершілік тәрбиеші В. С. Бакулинаға жүктелсін



Менгеруші: 
Е.А.Муканова

Бүйрықпен таныстым:



Ақмола облысы білім басқармасының
Аршалы ауданы бойынша білім
бөлімінің жанындағы" Аршалы кенті
"Солнышко" бөбекжай-бақшасы"
МКҚК менгерушінің бұйрығымен



БЕКІТІЛГЕН

24.05.2023 жылғы

№_40

Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы кентінің "Солнышко" бөбекжай-бақшасы"МКҚК сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже

Осы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы үлгі ереже "Солнышко" бөбекжайы МКҚК комплаенс-қызметі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес әзірленді, Аршалы кентінің "Солнышко" бөбекжайы МКҚК-да сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - қызметтің мәртебесін, өкілеттігін және жұмысын ұйымдастыруды айқындайды.

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;
- 2) Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;
- 3) Мұдделер қақтығысы-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үекілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындаудына және (немесе) керсінше орындаудына әкеп соғуы мүмкін;

4) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық-заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) Сыбайлас жемқорлық тәуекелі-сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл жөніндегі уәкілетті орган-Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

2. Бөбекжайда негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындаитын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға айқындалады.

Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындаитын жауапты тұлға мұдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

3.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындаитын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға педагогикалық кеңестің, Байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе бақшаны басқарудың өзге де тәуелсіз органының шешімімен, көрсетілген органдар болмаған жағдайда БАҚ басшысының шешімімен айқындалады.

2 тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің мәртебесі

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттігін атқарушы органға, бақтың лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады, педагогикалық кеңеске, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган көрсетеді.

6. Егер занда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл саласындағы халықаралық стандарттарда осы Үлгілік Ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді Directorlar кеңесі, Байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе бөбекжайды басқарудың өзге де тәуелсіз органы, көрсетілген органдар болмаған жағдайда, бөбекжай-бақша.

3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты бөбекжай қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) Бөбекжай мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) Бөбекжайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) Колледже сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі қамтамасыз ету;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптардың және ұздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

9. Колледж сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) Басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделелілігі;

- 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;
 - 4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;
 - 5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
 - 6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;
 - 7) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін тұрақты арттыру.
10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:
- 1) Бөбекжайдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимылның ішкі саясатын әзірлеуді қамтамасыз етеді;
 - 2) Бөбекжай қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлейді;
 - 3) Бөбекжайдағы мұдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясатын әзірлеуді қамтамасыз етеді;
 - 4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу;
 - 5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі іс-шаралардың ішкі жоспарын әзірлеу;
 - 6) Бөбекжай қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжатты әзірлеуді қамтамасыз етеді;
 - 7) Корпоративтік әдеп және мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжатты әзірлеу;
 - 8) Бөбекжайдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өндеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
 - 9) "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бүйройымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес бөбекжай қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

10) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі уәкілетті орган мен квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін бөбекжай қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

11) Бөбекжайда анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторингті және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларды жүзеге асырады;

12) Балабақшада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

13) Бөбекжай қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

14) Бөбекжай қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

15) Бөбекжай ұжымында жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

16) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға тенестірілген адамдардың занда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

17) Құрылымдық бөлімшелердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

18) Мұдделер қақтығысын, оның ішінде бөбекжайды жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерінде анықтау, мониторингтеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

19) Бөбекжайдағы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шагымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;

20) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, бөбекжайдағы сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

21) Бөбекжай менгерушісі енгізеді. Анықталған сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар, бөбекжай қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру;

22) Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, бөбекжай-бақшамен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

11. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтерінің құқықтары:

1) Бөбекжайдың құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) Өз құзыретіне жататын мәселелерді педагогикалық кеңестің, Байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе бөбекжайды басқарудың өзге де тәуелсіз органдының қарауына, көрсетілген органдар болмаған жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына шығаруға бастамашылық жасайды;

3) Іктинал сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) Бөбекжай менгерушісінен және басқа да қызметкерлерден қызметтік тергеп-тексеру шенберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының Сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) Өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) Бөбекжай қызметкерлерінің бөбекжайда сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не бөбекжайда сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

12. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің міндеттері:

1) Бөбекжай және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру

кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялышының сақтайды;

2) Сыйайлар жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, корпоративтік Әдеп кодексін және бөбекжайдағы сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс - қимыл мәселелері бойынша өзге де ішкі құжаттарды бұзушылықтар бойынша жүгінген адамдардың құпиялышының қамтамасыз етеді;

3) Педагогикалық кеңесті, байқау кеңесін (ол болған кезде) немесе бөбекжайды басқарудың өзге де тәуелсіз органын, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда, БАҚ менгерушісін сыйайлар жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) Сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жеткізеді;

5) Бөбекжайдың белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) Қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

4-тaraу. Сыйайлар жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі

13. Сыйайлар жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қабылданған сыйайлар жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі уәкілетті органға балабақшаға тоқсан сайын жібереді. Сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша балабақшада қабылданған сыйайлар жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жіберіледі.

14. Сыйайлар жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған педагогикалық кеңеске, байқаушы кеңеске (ол болған кезде) немесе бөбекжайды басқарудың өзге де тәуелсіз органына, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда бөбекжай менгерушісіне кезең - кезеңімен есеп береді.